

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ СЕМАНТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАС ТҰРҒЫСЫНАН

¹А.К. Жолдубаева, ²Д.Р. Сапарова, ³А.М. Қадыралиева

АНДАТПА

Мақалада Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының семантикалық мазмұнын қазақ қоғамының ұлттық бірегейлігінің көрнекі көрінісі ретінде талдау ұсынылған, оның мазмұнының өзгеруі теңге дизайнында пайдаланылатын ақша бейнелерінің өзгеруінен көрінеді (қағаз ақша мысалында). Зерттеудің өзектілігі дерексіз ақша стилистикасында бейнеленген Қазақстан Республикасының мәдениетін зерттеуге арналған ғылыми құралдарды кеңейтумен; құқықтық маңызы бар кезеңдерін пікірталас мәселелерін көрсететін бейнелерді талдау қажеттілігімен; сондай-ақ ұлттық валюта мысалында символдық бейненің әдіснамалық ресурстарын зерттеу мен көрнекі бейнелеуді сынақтан өткізумен айқындалады. Зерттеудің теориялық негізін семантика, семиотика, мәдени антропология, саясаттану, өнертану және тарих бойынша еңбектер құрайды. Зерттеу әдістемесі семиотикалық, мәдениеттану, салыстырмалы-тарихи және формальды-стилистикалық әдістердің үйлесіміне негізделген; нақтылаушы әдістер ретінде: семантикалық-бейнелі және семантикалық-функционалды тәсіл; жалпы ғылыми әдістер талдау, синтез, деректер арқылы ұсынылған. Зерттеудің негізгі нәтижелері келесі тұжырымдармен ұсынылған: Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының семантикасы қазақ халқының әлеуметтік маңызы бар тәжірибесін сақтау және мұра ету шарты ретінде көрінеді; тұжырымдамалық тұрғыдан Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасының дизайны қазақ халқының тарихи жолының негізгі мағыналық категорияларын айқын бейнелейді; Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының дизайн тарихында ұзақ мерзімділігімен немесе қысқа мерзімділігімен ерекшеленетін бірқатар стильдік композициялар орын алады, бұл елдің ұлттық-мемлекеттік идеологиясының өзгеруімен және қазақ халқының этникалық бірегейлігін бейнелеу динамикасымен тікелей байланысты. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің көпқырлылығы жоғары тәжірибеге бағдарланған перспективамен сипатталады, өйткені ол қазақ халқының ұлттық бірегейлігін семантикалық-бейнелі және семантикалық-функционалды тәсілдер тұрғысынан талдаудың әдіснамалық қырларын кеңейтеді, қазақстандық қағаз банкноттарының жобалауында қазақ тарихының мәдени-этникалық ақпаратын семантикалық бейнелеу тәсілдерін жүйелеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшелігі туралы білімнің әлемдік ғылымға қосылатын ғылыми үлесін кеңейтуге ықпал етеді.

Түйін сөздер: семантика, ұлттық валюта, теңге дизайны, ақша бейнелерінің эволюциясы, қазақ мәдениеті, қазақ тарихы, тәуелсіздік.

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

² Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

³ М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Сапарова Д.Р.,
ajulazh@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:

Жолдубаева А.К.,
Сапарова Д.Р.,
Қадыралиева А.М. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы туралы мәселеге семантикалық көзқарас тұрғысынан // Адам әлемі. – 2025. – №4 (103). – Б. 106-115.

К вопросу о национальной валюте Республики Казахстан с семантической точки зрения

Аннотация. В статье представлен анализ семантического содержания национальной валюты Республики Казахстан как визуальной репрезентации национальной идентичности казахского общества, изменение содержания которой отражается в изменении денежных изображений, используемых в дизайне тенге (на примере бумажных банкнот).

Актуальность исследования определяется расширением научного инструментария в изучении культуры Республики Казахстан, запечатленной в абстрактной денежной стилистике; необходимостью анализа изображений, отражающих дискуссионные вопросы правозначимых этапов Республики Казахстан; в апробации анализа методологических ресурсов символической образности и визуальной репрезентации на примере национальной валюты.

Теоретическую основу исследования составили труды по семантике, семиотике, культурной антропологии, политологии, искусствоведению, истории. Методология исследования основана на сочетании семиотического, культурологического, сравнительно-исторического и формально-стилистикального методов; конкретизирующими методами выступают семантически-образный и семантически-функциональный подход; общенаучные методы представлены анализом, синтезом, фактографией.

Основные результаты исследования представлены следующими выводами: семантика национальной валюты Республики Казахстан проявляет себя как условие сохранения и наследования казахским народом

своего социально-значимого опыта; концептуально дизайн национальной валюты Республики Казахстан наглядно иллюстрирует базисные категории импlications исторического пути казахского народа; в истории дизайна национальной валюты Республики Казахстан имеет место ряд стилизованных композиций, отличающихся своей длительностью или недолговечностью, что напрямую связано с изменениями национально-государственной идеологии страны и динамикой репрезентации этнической идентичности казахского народа.

Многоплановость получаемых в ходе исследования результатов характеризуется высокой практико-ориентированной перспективностью, поскольку расширяет методологические ракурсы анализа национальной идентичности казахского народа с позиций семантически-образного и семантически-функционального подходов, обеспечивает систематизацию способов семантического отображения культурно-этнической информации казахской истории в дизайне казахстанских бумажных банкнот, а также способствует расширению научного вклада в мировую науку знаний о национально-культурной специфике казахского народа.

Ключевые слова: семантика; национальная валюта; дизайн тенге; эволюция денежных изображений; казахская культура; казахская история; независимость.

To the question of the national currency of the Republic of Kazakhstan from a semantic point of view

Abstract. The article presents an analysis of the semantic content of the national currency of the Republic of Kazakhstan as a visual representation of the national identity of Kazakh society, the changes in which are reflected in the evolution of monetary images used in the design of the tenge (using the example of paper banknotes).

The relevance of the study is determined by the expansion of scientific tools in the study of the culture of the Republic of Kazakhstan, captured in the abstract monetary style; the necessity of analyzing images that reflect the debated issues of legally significant stages of the Republic of Kazakhstan; and the testing of methodological resources for symbolic imagery and visual representation using the example of the national currency.

The theoretical foundation of the study is based on works in semantics, semiotics, cultural anthropology, political science, art and history. The research methodology is based on a combination of semiotic, cultural, comparative-historical, and formal-stylistic methods. The specifying methods include the semantic-imagery and semantic-functional approaches, while general scientific methods are represented by analysis, synthesis and factography.

The main results of the study are presented in the following conclusions: the semantics of the national currency of the Republic of Kazakhstan manifests itself as a condition for the preservation and transmission of the socially significant experience of the Kazakh people; conceptually, the design of the national currency of the Republic of Kazakhstan clearly illustrates the fundamental categories implicating the historical path of the Kazakh people; the history of the design of the national currency of the Republic of Kazakhstan includes a series of stylistic compositions, varying in longevity or transience, which is directly related to changes in the national-state ideology of the country and the dynamics of the representation of the ethnic identity of the Kazakh people.

The multifaceted nature of the results obtained in the study is characterized by a high level of practical applicability, as it expands the methodological perspectives for analyzing the national identity of the Kazakh people from the standpoint of the semantic-imagery and semantic-functional approaches. It ensures the systematization of methods for the semantic representation of cultural and ethnic information about Kazakh history in the design of Kazakhstan's paper banknotes, while also contributing to the expansion of scientific knowledge about the national and cultural specificity of the Kazakh people in global scholarship.

Key words: Semantics; National Currency; Tenge Design; Evolution Of Monetary Images; Kazakh Culture; Kazakh History; Independence.

Kipice

Ұлттық валюта мемлекеттік рәміздердің маңызды элементі болып табылады, ол ту мен елтаңбамен қатар елдің идеологиялық және мәдени мағыналарын кодтайды, өзінің қағаз банкноттары мен металл монеталарының дизайнында объективтендірілген. Дәл осы ақша белгілерінің дизайнында қолданылатын бейнелердің метафоралық ерекшелігі туралы D. Cohen, F. Shin, X. Liu «Cultural psychology of money» атты ұжымдық еңбектің авторлары атап өтеді, олар монеталар мен банкноттардың мемлекеттік идеологияны таратудағы, билікті айқындаудағы және мәдени құндылықтарды бейнелеудегі рөлін көрсетеді. Қолма-қол ақша белгілері, деп жалғастырады авторлар, оларды өндіру үшін пайдаланылатын кескіндерде, материалдарда және пішіндерде кодталған тарихи және мәдени қабаттарды оқуға болатын ортаның бір түріне айналады [1, 601-602 б.]. Осылайша, ақша белгілі бір мәдени, тари-

хи және әлеуметтік мағыналардың тасымалдаушысы ретінде қабылданады, бұл оларды утилитарлық пән ретінде ғана емес, сонымен қатар маңызды мәдени және символдық объект ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

«Banknotes and national identity in central and eastern Europe» мақаласының авторлары жазғандай, көптеген мемлекеттердің монеталары мен банкноттарында ұлттық бірегейлікті нығайтуда және азаматтардың белгілі бір мемлекетке қатыстылығын түсінуде рөл атқаратын Ұлттық батырлардың, тарихи оқиғалардың және рәміздердің бейнелері бар [2, 6.1016]. Осыған ұқсас пікірді «Money as a medium of transnational identification» монографиясының авторы Дж. Fornas, көптеген елдердің валютаны бірегей ұлттық бірегейлікті қалыптастыру құралы ретінде, әсіресе тәуелсіздік алғаннан кейін немесе саяси жағдай өзгерген кезде пайдаланыныны атап өтеді [3, 21 б.]. Осылайша, «тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап елдің (Қазақстанның – бізден қосылған) сая-

си басшылығы билігін заңдастыру, сондай-ақ әлем картасында жаңа елдің символдық шекараларын белгілеу үшін қазақ ұлтшылдығының рәміздеріне (мәдениет, тарих, тіл) жүгінді» [4, 3 б.]. Осы үдерістің нәтижелерінің бірі 1993 жылы ұлттық валютаның – теңгенің енгізілуі болды, ол ұлттық тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендікке ие болғандығын растап, соның нәтижесінде елдің өз қаржы жүйесін қалыптастыруына негіз болды.

Бұл мақалада зерттеудің мақсаты – теңге дизайнында (қағаз банкноттар мысалында) қолданылатын метафоралық бейнелердің өзгерістерін талдау және мемлекеттік тәуелсіздік алған сәттен бастап (1991 ж.) Қазақстандық қоғамның мәдени тәжірибелерінің эволюциясын көрсету болып табылады. Нәтижесінде, қазақ қоғамының ұлттық болмысының көрнекі көрінісі ретінде Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының семантикалық мазмұнын зерттеу осы қуатты мәдени құбылыстың астарында жатқан мәдени-тарихи үдерістерді түсінудің жаңа көзжиектерін ашады. Осылайша, біз, әдетте, экономикалық ғылымдардың объектісі ретінде қарастырылатын ұлттық валютаның аналитикалық өрісін кеңейтіп, қазақ теңгесінің дизайнын мысалға ала отырып, символдық бейнелеу мен көрнекі бейнелеуді зерттеудің жаңа әдістемелік аспектілерін сынаймыз.

Осыған байланысты екі міндеттер блогын қарастырудың орынды деген қорытынды жасадық.

Біріншіден, Қазақстандық қағаз банкноттарды мысалға ала отырып, ұлттық валютаның тарихи-стильдік топтарының біріктіруші және ерекшеленетін белгілерін жүйелеу. Бұл міндет теңге дизайнында қолданылатын бейнелердің концептуалды-бейнелі және пәндік-практикалық элементтерін талдау арқылы жүзеге асырылады. Концептуалды-бейнелі элементтер ретінде біз қағаз банкноттардағы түсті белгілермен, су белгілерімен, микроұлгілермен, мәтіннің графикалық ерекшеліктерімен нысандағал құрылымдарды түсінеміз. Пәндік-практикалық элементтер ретінде Қазақстанның қағаз банкноттары дизайнында қолданылатын тарихи тұлғалардың бейнелері, пейзаж бөлшектері, сәулет нысандары қарастырылады.

Екіншіден, Қазақстан Республикасының негізгі тарихи кезеңдерін бейнелейтін қағаз банкноттар дизайнында қолданылатын символдық құрылымдардың трансформациясын талдау. Бұл тапсырма бейнелерді салыстыру және теңгеге қолданылатын символдық элементтерге ықпалдастырылған саяси және экономикалық факторлардың, жаңа технологиялардың, мәдени және экономикалық үгіт-насихаттың әсерін талдау арқылы жүзеге асырылады.

Қарастырылып отырған зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми жаңашылдығы жоғары деңгейде, өйткені, біріншіден, қазақ мәдениетін талдаудың дәстүрлі ғылыми әдістерін

Қазақстан Республикасының ұлттық валюта-сына семантикалық бағалау жүргізу арқылы біріктіреді; екіншіден, Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік идеологиясы мен қазақтардың этникалық бірегейлігінің ерекшеліктерін бейнелі түрде көрсететін ұлттық валютаны бағалаудың қажеттілігін негіздейді, олардың мазмұндық өзгерістері ұлттық валютаға салынатын метафоралық бейнелердің өзгеруі арқылы көрініс табады; үшіншіден, абстрактілі стильде бейнеленген Қазақстан мәдениетін қайта жаңғыртудағы зерттеу құралдарының мазмұндық кеңістігін кеңейтеді.

Әдістеме

Ұлттық валютаның семантикалық талдауын жүргізу үшін келесі әдістерді қамтитын кешенді тәсілді қолдану қажет:

1. Тиісті мәдени кодқа енгізілуіне байланысты ҚР ұлттық валютасын адамдардың санасында қалыптасқан ерекше белгі жүйесі ретінде бағалауды қамтамасыз ететін семиотикалық әдіс. Осы мақсатта түс белгілерімен, су белгілерімен, микроұлгілермен және мәтіннің графикалық ерекшеліктерімен ұсынылған ұғымдық-бейнелі құрылымдарды және тарихи тұлғалардың, пейзаждың, сәулет нысандарының бейнелерінде объективтендірілген пәндік-практикалық бейнелерді ажырату негізінде хронологиялық реттілікте біріктіруші және айрықша белгілерді бөліп көрсете отырып, жасырын мәндерді анықтау жүзеге асырылатын болады.

2. Мәдениеттану әдісі – бұл әдіс арқылы ұлттық валютаның бейнелерінің эволюциясын ел тарихы, мәдениеті және саясаты аясында бағалау жүзеге асырылады, осылайша олардың белгілі бір кезеңде және саяси жағдайда қандай мағына беретінін түсінуге мүмкіндік береді. Аталған әдіс шеңберінде біз екі нақтылау тәсілін қолдандық: теңгеге орналастырылған семантикалық-бейнелік элементтерді анықтау қазақ қоғамының ұжымдық бірегейлігін қалыптастыратын мәдени кодтарды бейнелейтін суреттердің көрнекі және мағыналық бірлігін талдауды қамтамасыз етеді, ал теңгеге орналастырылған семантикалық-функционалдық элементтерді зерттеу арқылы символдық конструкциялар мен Қазақстан дамуының негізгі тарихи кезеңдері арасындағы өзара байланыс анықталады.

3. Салыстырмалы-тарихи әдіс, оның көмегімен пайдаланылатын символдық бейнелер мен қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшелігінің әртүрлі фактілері арасындағы байланыс дәрежесі айқындалады. Жоғарыда айтылғандардан басқа, осы әдісті қолдану Қазақстанда болып жатқан негізгі саяси, әлеуметтік және идеологиялық оқиғаларға ұлттық валютаның ағымдағы шығарылымы дизайны стилінің реакциясын салыстыруға мүмкіндік береді.

4. Формальды-стилистикалық әдіс мәдени және идеологиялық жолдауды жүзеге асыратын, ҚР Ұлттық валютасында орналастырылған көрнекі ақпарат бейнелерінің бейнелілігін, мәнерлілігін және мағынасын түсінуді бағалауды қамтамасыз етеді. Өз кезегінде, теңге бейнелерінің құрылымында мазмұндық және формальды сипаттамаларды бөліп көрсету теңгенің тарихи-стильдік топтарын хронологиялық тұрғыда құрылған объектілік, пәндік және оқиғалық семантикалық аспаптармен көрнекі ұқсастықтар мен белгілер бойынша жүйелеуге мүмкіндік береді.

5. Фактографиялық әдіс өңделген ақпарат негізінде алынған нәтижелердің графикалық визуализациясын қамтамасыз етеді.

Негізгі бөлім

Ақша экономикалық жүйенің маңызды элементі, алайда олардың рөлі тек айырбас және құн сақтау функциясымен шектелмейді. Айқын символдық мағынаға ие нысандар ретінде ақша қоғамның мәдени, тарихи және саяси шындығын бейнелейді, әлеуметтік құндылықтарды бекітуде маңызды рөл атқарады, мемлекеттің тарихи маңыздылығы мен ұлттық жетістіктерін көрсетеді. Осылайша, «...валюта тек экономикалық құрал емес, сонымен қатар халықтың тарихын, мәдениетін және идеологиясын бейнелейтін ұлттық бірегейліктің маңызды элементіне айналады» [5, 36 б.].

Семантика – бұл мәдени контекстерде бар белгілердің, бейнелердің және мағыналардың мәнін зерттеу. Семантиканы белгілер мен олардың мағыналары туралы, сондай-ақ белгілердің заттарды, оқиғаларды немесе идеяларды қалай білдіретіні және оларды қабылдайтын субъектілер қалай түсіндіретіні туралы ілім ретінде анықтады [6, 12-бет]; семиология және құрылымдық лингвистиканың негізін қалаған швейцариялық лингвист Фердинанд де Соссюр семантиканы белгілерді, олардың мағыналарын және тіл мен мәдениет ішіндегі айырмашылықтар жүйесі арқылы қалыптасатын белгілер мен олардың нысандары арасындағы өзара байланыстарды зерттеу деп санады [7, 46 б.]; ресейлік семиотик және семиотикалық байланыс моделі теориясының авторы Юрий Лотман семантиканы нақты мәдени контекстерде белгілердің семиотикалық кодталу процестерін зерттейтін сала ретінде қарастырды [8, 11 б.]; XX ғасырдың көрнекті лингвистерінің бірі, француз тілтанушысы және мәдениеттанушысы Эмиль Бенвенист семантиканы қарастыру барысында мағыналардың динамикалық сипатына назар аударып, олардың контексте және әлеуметтік тәжірибеге байланысты өзгеретінін атап өтті [9, 61 б.]. Бұл анықтамалар семантикаға деген әртүрлі тәсілдерді көрсете отырып, әрбір визуалды бейне элементі белгілі бір мәдени

ақпаратты тасымалдаушы болып табылатын принципке негізделеді.

Ұлттық валюталарды қарастыру шеңберінде семантикалық талдау әртүрлі элементтердің – суреттер, мәтіндер, түстер мен пішіндер сияқты белгілердің белгілі бір мәдени және саяси мағыналарға ие екенін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл белгілер вербалды (сөздер, сөйлемдер) және вербалды емес (суреттер, қимылдар, сәулет) болуы мүмкін. «The Psychology of Money: Timeless Lessons on Wealth, Greed, and Happiness» кітабының авторы M. Housel атап өткендей, мұндай белгілер «...мемлекеттің өз бірегейлігін қалай қалыптастыратынын және қоғамның билік пен тарихты осы белгілер арқылы қалай қабылдайтынын» түсінуге көмектеседі [10, 31 б.]. Осылайша, ұлттық валюта символдық мағыналардың тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді, ал оның дизайнында қолданылатын бейнелер ұлт пен мемлекеттің мәдени және саяси мағыналарын кодтайтын мәтіндер ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бұл мақалада біз валюталық белгілерді зерттеудің семантикалық тәсілін екі нақты бағытқа бөлеміз: ақша дизайнында қолданылатын визуалды белгілердің метафоралық мағыналарына бағытталған семантикалық-бейнелік талдау, олар тиісті мәдени кодқа енуіне байланысты адамдар санасында қалыптасқан белгілер жүйесі ретінде қарастырылады; және семантикалық-функционалдық талдау, ол ақша дизайнының символикасын оның функционалдық қолданылуы мен елдің ұлттық идеологиясымен өзара әрекеттестігі тұрғысынан қарастырады.

Алдыңғы ғылыми зерттеулерге шолу жасай отырып, біз белгілеген мазмұнды шекарадағы ҚР ұлттық валютасын талдау отандық та, шетелдік те зерттеу алаңында әлі ғылыми зерттеу нысанасы болған жоқ деген қорытындыға келдік. Сонымен бірге, белгіленген мәселені зерделеу кезінде біз семантика, семиотика, мәдени антропология, саясаттану, өнертану, тарих салаларындағы көптеген еңбектерге жүгіндік. Мысалы, семиотикалық теория аясындағы әдіснамалық бағдар ретінде біз бұрын атап өткен F. de Saussure-дің «Курс общей лингвистики» жұмысы болып табылады, ол мәдени-маңызды ақпаратты таратудың түрлі аспектілерін қамтитын белгі жүйесі ретінде ақшаны талдауға негіз болды [7]; Barthes R.-дің жұмысы «Selected works. Semiotics. Poetics» [11], оның аясында ақша мәдени мифтер мен символдардың элементі ретінде қарастырылатын бұқаралық мәдениеттегі белгілерді түсінуді кеңейткен; Ж. Бодрийардың «Символический обмен и смерть» еңбегінде постмодернистік қоғамдағы ақша симуляция ретінде қаралады, онда нақты құндылық символдық құндылықпен ауыстырылады [12].

Осы мақаланың әдіснамалық негізі – ақшаны антропологиялық зерттеулердің қатарына

ақшаны мәдени салт-жоралармен, дәстүрлермен, әлеуметтік иерархиямен байланысты символдық артефакт ретінде талдаған К. Леви-Стросстың («Структурная антропология») [13]; ақшаны әлеуметтік құрылымдарды, билік пен иерархияны қолдайтын символикалық жүйенің бір бөлігі ретінде қарастырған М. Годелье «Дар и фетишизм») [14]; D. Graeber, ақша әлеуметтік міндеттемелер мен биліктің символы және қоғамның мәдени және әлеуметтік құрылымдарын көрсетеді деп бекіткен («Debt: The First 5000 Years») [15] еңбектері жатады.

Семиотиканы, антропологияны және мәдениеттануды үйлестіретін ақшаны пәнаралық зерттеу мынадай авторлармен ұсынылған: билеушілер бейнеленген монеталар олардың саяси және құдайлық билігін білдіретін, монархиялық қоғамдар контекстінде билік символы ретінде ақшаны талдауды жүзеге асырған М. Блок («Короли-чудотворцы») [16]; Zelizer V., әлеуметтік қатынастарға байланысты ақшаны символикалық мағынамен берудің ерекшеліктерін қарастырған («The Social Meaning of Money: «Special Monies») [17]; Dodd N., ақша арқылы символдық құндылықтар жасау туралы идеяны негіздеген («The Social Life of Money») [18]; Kulvicki J., рәміздер мазмұнының жеке адамның қабылдауына әсер ету ерекшеліктерін қарастырған («Images») [19].

Ұсынылып отырған мәселенің проблемасына қатысты негізгі жұмыстар ретінде ақша дизайнында пайдаланылатын визуалды бейнелердің мемлекеттің идеологиясымен байланысын қарастыратын McGinley Ch. зерттеуі («Coining Nationality: Woman as Spectacle on the 19th Century Currency») [20], ұлттық валюта мен ұлттық бірегейлікті құрастыру арасында корреляция жүргізуді ұсынған Helleiner E. («National Currencies and National Identities»), «The Politics of Money and National Identity») [21], көрнекі бейнелер арқылы кодтау арқылы мемлекет өзін осы мәртебеде бекіту құқығын заңдастырады деп санаған Lauer J. («Money as Mass Communication: U.S. Paper Currency and the Iconography of Nationalism») [22]; ақшаны қоғамдық нормалар мен өзара іс-қимылды қалыптастыратын мәдени феномен ретінде қарастыратын Maurer B. («The Anthropology of Money») [23].

Зерттеу алаңы бөлінген мәселенің тақырыбымен қандай да болмасын байланыста болатын қазақстандық еңбектерді талдау жұмыстардың кең ауқымының бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, Б. Азибаеваның зерттеуі («Предметный код культуры «Казахская юрта»: генезис и семантика») [24], Н. Альджанованың («Семиотический анализ коммуникативной культуры казахов») [25], К.Елибаеваның («Символика и семантика цвета в казахской культуре») [26], К. Жанабаева және басқалары («Семантика устойчивых

топонимических единиц жырау XV-XVIII веков – объект патриотического воспитания») [27], К. Рысберген және басқалары («Культурная репрезентативность семантики казахских географических названий») [28], В.Уарзиати және басқалары («Символы и знаки Великой Степи: история культуры древних кочевников») [29] және т.с.с. Аталған жұмыстардың авторлары қазақ мәдениетін шоғырландыру және реактивтендіру тәсілдері болып табылатын тілді, өнерді, әдет-ғұрыпты, ою-өрнекті, тұрғын үйді, музыканы, мәтінді, түсін, дыбысты және т.б. толыққанды қарастырады. Алайда, аталған зерттеулердің бірде-біреуінде ҚР ұлттық валютасының дизайнында пайдаланылатын символдық бейнелер мәселелері қозғалған жоқ, дегенмен, біздің ойымызша, теңге семантикасы жоғарыда аталғандармен бірдей өзін қазақ халқының ұжымдық сәйкестендірудің жүйе құраушы мәдени кодтарының бірі ретінде көрсетеді.

Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тарихы 1993 жылғы 15 қарашасынан басталады, ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлығына сәйкес сағат 09:00-де айналымға жаңа ұлттық валюта – теңге енгізілді. [30]. Бұл күні 1, 3, 5, 10, 20, 50 және 100 теңгелік банкноттардың бірінші қатары шығарылды.

1993 жылы жүзеге асырылған қазақстандық қағаз банкноттардың алғашқы шығарылымы қарапайым түсті дизайнды орындалды және өлшемдері әртүрлі болды: 105 мм-де 65 мм, 124 мм-де 62 мм, 144 мм-де 69 мм. Бірінші шығарылымдағы ақша банкноттарының бет жағында Қазақстанның түрлі мәдениет, ғылым және саясат салаларындағы тарихи тұлғаларының портреттері орналастырылған болатын, олардың бейнесі ұлттық тәуелсіздікті, аумақтық егемендікті және туған жерін мақтан тұтуды білдіруі тиіс болатын.

Бейнесі Қазақстан Республикасының қағаз банкноттарының бірінші шығарылымында орналастырылған тарихи тұлғалардың ішкі мағыналық мәнін қарастырайық. Абылай хан (номиналы 100 теңгелік купюра) Қазақстан тарихындағы басты тұлғалардың бірі болып табылады; үш жүздің ханы және Жоңғар хандығы мен Ресей империясы тарапынан сыртқы қауіп төнген кезеңде қазақ жерлерін біріктіруші болған; Абылай ханның тұлғасы тәуелсіздік пен мемлекеттілікті бейнелейді, бұл Қазақстанның ұлттық бірегейлігі үшін маңызды. Әбілқайыр хан (номиналы 50 теңгелік купюра) қазақ тайпаларының дербестігі мен ұлттық мемлекет құру үшін күрескен саяси және мемлекеттік қайраткер болды; оның бостандық пен тәуелсіздік үшін күресі Қазақстанның саяси егемендікке ұмтылысын білдіреді. Абай Құнанбаев (номиналы 20 теңгелік купюра) қазақ жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің қалыптасуына зор ықпал еткен ақын, философ

және қоғам қайраткері болған; Абай есімі қазақ халқының мәдениетінің символы болып табылады және оның еңбектері қазақ сана-сезімі тұрғысынан әлі күнге дейін өзекті болып келеді. Шоқан Уәлиханов (номиналы 10 теңгелік купюра) Орталық Азияның тарихы мен мәдениетін зерттеуге зор үлес қосқан көрнекті ғалым, этнограф және саяхатшы болған, Ш.Уәлихановтың ғылыми жаңалықтары мен зерттеулері Қазақстанның бай мәдени және ғылыми өткені бар өңір ретіндегі бейнесін нығайтуға ықпал етеді. Танымал күйші-композитор және қоғам қайраткері Құрманғазы Сағырбайұлы (номиналы 5 теңгелік купюра), оның шығармашылығы қазақтардың рухани мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды; Құрманғазы күйлері қазақ халқының еркіндік сүйгіш рухын, ұлттық тарихтың әуен тілімен жазылған ұлы эпосын бейнелейді. Сүйінбай Аронұлы (номиналы 3 теңгелік купюра) қазақтың ең талантты ақыны, айтыстың теңдессіз шеберлерінің бірі болған, оның таланты арқасында бізге ата-бабаларымыздың рухани мұрасының тұтас бір бөлігі жеткен; Сүйінбай Аронұлы өзінің ақындық дарынымен және орындаушылық шеберлігімен қазақтардың өз тәуелсіздігі үшін күресін бейнелейді. Әл-Фараби (номиналы 1 теңгелік купюра) – танымал философ және ғалым, оның философия және ғылым саласындағы еңбектері Шығыстың зияткерлік дамуына зор ықпал етті; Әл-Фарабидің әлемдік ғылым мен философияға қосқан үлесі Қазақстанның бай зияткерлік мұрасын көрсетеді.

Бірінші шығарылымдағы қағаз банкноттардың артқы жағында елдің сәулеттік мәдениет ескерткіштері мен табиғи ландшафтарының суреттері бейнеленген: ежелгі түркі ақыны және суфизмді уағыздаушы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Маңғыстаудың жартастағы суреттері, Бурабай көлі, Алатау пейзажы, бүркіт салынған шабандоз. Бейнелері ақшалай банкноттарда орналасқан ескерткіштер мен табиғи ландшафттарды таңдау кезінде барлық төрт өңір – Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс және Оңтүстік Қазақстан ескерілді. Оның үстіне, қағаз банкноттардың бірінші және одан кейінгі шығарылымдарында пайдаланылатын барлық табиғи көрікті орындар қазақстандық табиғаттың бірегейлігін, оның экологиялық аралуандығын, табиғи ұлылығын көрсетеді, болашақ ұрпақ үшін тарих пен табиғатты сақтаудың маңыздылығын еске салады.

Сонымен, бірінші шығарылымдағы ақша банкноттарының бейнелерін семантикалық талдау мынадай қорытындыларға алып келеді:

1. Портреттік тұжырымдаманы таңдау тарихи тұлғаларды ақшалай купюраларда қабылдау дағдыларына негізделді, бұл бұрынғы кеңестік кеңістіктегі адамдардың психологиясы мен тәрбиесі үшін маңызды фактор болды.

